

Лилиан Беттанкур





А.Ж.Т; Беттанкур Лилиан

Тұған жылы; 21.10.1922жылы

Тұған жері; Париж, Франция

Кәсіпкерлік қызметінің бағыты; Парфюмерия және косметика L'Oreal компаниясының иесі

Бетанкур 1922 жылы 21 қазанда Парижде дүниеге келген, ең ірі косметикалық компаниялардың бірі L' Oreal негізін қалаушы Эжен Шулердің жалғыз баласы. Бірде Эжен Шулер керемет касметикалармен ұзақ тәжірибелер барысында синтетикалық шаш бояғышының формуласын алды, оны бірден әйеліне сінап көрді.





Бояу сапасын Эженнің әйелі ғана емес, сонімен бірге олардың барлық достары да бағалады. Кейіннен Эжен кішкентай шаштараз ашады, ол өзінің екі бөлмелі пәтерінде жатын бөлмесінде бояу дайындайды. Ал 1909 жылы аты аңызға айналған L ' Oreal компаниясының өнімдері Париж дүкенерінің сөрелерінде алғаш рет қойылды.

Лилианның анасы Луиза ішімдікке құмар болатын. Көп жылдарға дейін Эжен мен Луизаның балалары болмады. 1922 жылы 21 қазанда қаншама жылдан соң, көптеген күттірген Лилиан дүниеге келді. Өкінішке орай, Луиза босанғаннан кейін туберкулезбен ауырып, жағдайы күрт нашарлап 1927 жылы қайтыс болды. Лилиан 5 жаста болғанда әкесіне өте жақын блды. 15 жасында әкесінің компаниясында студент ретінде жұмыс істей бастады.

Ол өте мақсатты және ізденімпаз болып өсті. Ол жабық католик интернатында тәрбиеленген. Жас кезінде Лилиан туберкулез ауруының белгілерін байқай бастады, ол мерзімді түрде шипажайда емделді.

Шипажайдің бірінде қыз жақсы отбасынан шыққан жас саясаткер Андре Беттанкурмен кездесті. 1950 жылы ол Андреге үйленді, ол 1960 жылдары министр болып жұмыс істеді және 70-ші жылдары L'Oréal төреағасының орынбасары болды. Беттанкур 1930 жылдары Лилианның әкесі Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистермен ынтымақтастық жұмыс істеп, қаржыландырған және қолдаған француз фашистік La Cagoule тобының мүшесі болды.





Бетанкур-әлемнің ең бай әйел, ол өз үлгісімен әдемі жыныстың әрбір өкілі барлық жерде: мансабында, жеке өмірінде де табысқа жететінін дәлелдеген. Оның қызметі әрқашан назар аудару орталығына айналады. Өйткені, ол зайырлы львица, меценат және өте табысты бизнес ханымы. Ол L'Oreal компаниясының өркендеуіне мүмкіндік беріп, оған бүкіл әлемде танымал ұран сыйлад. Дүние жүзіндегі ең дәулетті әйел деп саналатын L'Oreal косметикалық фирмасының мұрагері Лилиан Беттанкур 94 жасында дүниеден озды. Оның қызы Франсуаза Бетанкур-Майерс анасының дүниемен ұйықтап жатып қош айтысқанын білдірді. 2017 жылы Лилиан Беттанкурдың дәулетінің 40 миллиард долларға жеткені хабарланды. 1909 жылы әкесі құрған фирма кейіннен L'Oreal деген есіммен әлемдегі ең ірі косметикалық фирма атағын алды. Форбс журналы Беттанкурды әлемдегі ең бай 14-ші азамат ретінде жариялаған болатын.